

"Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

**Мектеп педагог-психологы Ташетова Назгуль Булекбаевнаның
I жартыжылдықта атқарған жұмыс есебі**

2022-2023 оқу жылы

Оқушылармен жүргізілген жұмыс

Қыркүйек айында педагог-психолог жұмысының жылдық жұмыс жоспарын құрастырдым. Жылдық жоспар негізінде айлық жоспарлар мен апталық циклограмма жасадым. Мектеп педагог-психологы жұмысының нормативтік-құқықтық құжаттарының тізімі негізінде сынып жетекшілермен біріге отырып оқушылардың жеке психологиялық-педагогикалық карталарын толықтыру жұмыстарын бастадым. Сонымен қатар сынып жетекшілердің көмегімен 8-11 сынып аралығында жаңадан келген оқушылармен психологиялық жұмыс жүргізуге ата-аналардың келісімін жинау жұмыстарын бастадым.

Кәсіби бағдар беру бағыты негізінде 9 сынып оқушыларынан Е.А.Климовтың «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» алынды. Нәтижелері өңделіп, оқушыларға таныстырылды, сынып жетекшілеріне оқушылардың бейімі туралы ақпарат кесте түрінде берілді.


Тәуекел тобына енетін оқушыларды анықтау үшін әлеуметтік педагогпен, сынып жетекшілермен байланыс орнатылды. Барлығы 4 оқушы тізімге алынды. Жалпы анықталған оқушымен жұмыс жүргізу жыл бойына жоспарлануда.

1-11 сынып аралығында жеке ерекшелігі бар балаларды анықтау жұмысы жүргізілді. Барлығы 15 оқушы болды.

1-11 сынып аралығында дарынды оқушылардың тізімі анықталып жасалды.

9-11 сыныптар аралығында «Құқықтық сана - қауымға пана» тақырыбында мектептің әскери дайындық пәні мұғалімі Бабабекова А. –мен тәрбиелік мақсатта кездесулер өткізілді. Оқушылар мектепшілік ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды.





Жоспар негізінде 8-11 сыныптардан «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» мақсатында жүргізілетін сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 2 оқушының осыған дейін әлімжеттік көргені анықталды, өздеріне қатысты балағат сөз естіген. Қазіргі таңда ол мәселе мазаламайтынын айтты. Оқушылар түнгі уақытта нешеден кейін ата-анасымен жүруі керек екенін ішінара ғана білетіні, буллинг жасалған жағдайда көмекті қайдан сұрау керектігін білмейтіндері бар екені анықталды. Оқушыларды осы тақырыпта ақпараттандыру қажеттілігі туындады.

Буллинг пен кибербуллингтің алдағы уақытта алдын алу мақсатында мектептің тәрбие ісі меңгерушісімен 8, 9, 10 сыныптарда ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. Оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің не екені, ол үшін болатын жаза туралы Қылмыстық Кодекстің баптарынан үзінділер айтылды. Сонымен қатар 8-11 сыныптардың чаттарына буллинг туралы ақпарат жадынама және бейнеролик түрінде жіберілді.



ПИЗА халықаралық тестілеуіне дайындалып жүрген оқушылармен тестілеу барысында өздерін жайлы сезіну, тестілеуді жақсы тапсырып, қобалжуды азайту мақсатында кездесулер өткізілді.




Жоспар негізінде 9-10 сыныптардан «Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнамасы» алынды. Мақсаты 9-10 сынып оқушыларының бойындағы болуы ықтимал невротизация, күйзеліс сезімдерін, айналадағы адамдармен тіл табыса алу деңгейін анықтау. Сауалнама барлығы 137 оқушыдан алынды, Сауалнама нәтижесі бойынша 9 сыныптардан, 10 сыныптардан 16 оқушының күйзеліс және невротизация шкаласы бойынша көрсеткіш деңгейі жоғары болды. Анықталған оқушылармен желтоқсан айында жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіледі, суицидтің алдын алу мақсатында топтық түзету жұмыстары ішінара жүргізілді. Жоспар бойынша топтық түзету дамыту жұмыстары екінші жарты жылдыққа жоспарланған.

9, 10, 11 сыныптардың сабақтарына қатысып, сабақ барысында оқушылардың психологиялық күйі, мұғалімдермен, сынып жетекшімен қарым-қатынасын анықтау жұмысы жүргізілді. Әр сыныпқа топтық психологиялық портрет жасалды.

Буллинг пен кибербуллингтің алдағы уақытта алдын алу мақсатында мектептің тәрбие ісі меңгерушісімен 8, 9, 10, 11 сыныптарда ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында кездесу өткізіліп, оқушылардың пікірлері де тыңдалды. Оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің не екені, ол үшін болатын жаза туралы Қылмыстық Кодекстің баптарынан үзінділер айтылды.

«Ұрпақ тәрбиесі: жаңа Қазақстан біліміне тың және орнықты көзқарас» атты озық педагогикалық тәжірибелердің IV Республикалық форумында «Жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллинг: алдын алу тәсілдері мен күресу әдістері» тақырыбындағы ашық алаңы болды. Мақсаты оқушылардың қатысуымен буллинг пен кибербуллинг туралы ақпарат тарата отырып, сол мәселені шешу жолдарын оқушылардың тарапынан талдау.



Жоспары бойынша «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» тақырыбында мектеп медбикесімен біріге ақпараттандыру жұмыстары сынып чаттары арқылы жүргізілді. Арнайы жасалған презентация мен бейнеролик дайындалып, жіберілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыс

15 жастағы оқушылардың ПИЗА халықаралық тестілеуіне қатысуына байланысты, осы оқушылардың ата-анасымен ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. Жиналыста ПИЗА-ның оқушылар үшін пайдасы, маңыздылығы туралы айтылып, психологиялық тұрғыда оқушыларды қолдау мақсатында ақпарат жадынама түрінде таратылды.



Мұғалімдермен жүргізілген жұмыс

Мектепке жаңадан келген, жас мамандармен психологиялық көмек тренингі «Мектепке жаңадан келген ұстаздардың ортаға бейімделуі» тақырыбында өткізілді.

«Мектепке жаңадан келген ұстаздардың ортаға бейімделуі» сауалнамасы алынды. Сауалнамада жаңа ұжымда өздерін жайлы сезінетіні жазылды.



Әлеуметтік педагогпен және медбикемен жүргізілген жұмыс

Мектеп медбикесімен кеңес беру жұмысы жүргізілді, 8-11 сыныптардың қыз балаларымен «Қыз баланың жеке гигиенасы» атты кездесуі өтті. Оқушыларға мектепте жүру тәртібі, жеке гигиена мәселелері, етеккір жайлы ақпарат берілді.

